

Көсембай негізгі мектебінің
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Л.М.Шүтеноваға 5 – сынып
жетекшісі А.Н.Мырзағалиевадан
2021 – 2022 оқу жылының
қорытындысы бойынша
жылдық қорытынды

талдау

2021 – 2022 оқу жылында 5 – сыныпты 3 оқушы аяқтады. Жалпы
сыныпта көп балалы, аз қамтылған отбасы саны – 1.

Кластың тәрбие жұмысы бойынша белгіленіп алынған мақсаты: Жалпы
адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан – жақты және үйлесімді
дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері :

- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның Қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлері мен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету;
- Тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына ана тілі мен қазақ халқының, ҚР-да тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту;

Нәтижелілігі:

мәдениеттер мен көзқарастардың әр алуандығына құрметпен қарайтын,
қоғамдағы өз орнын табуға талпыныс жасайтын, өз міндеттеріне жауапкершілікпен
қарау;

жауапкершілігі мол, белсенді азаматтық ұстанымы бар, өмір бойы білім алуға, өз –
өзін жетілдіруге дайын тұлға болуға дағдыланады.

Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші: 100% денсаулығына
байланысты сабақ жіберген, себепсіз сабақтан қалған оқушылар жоқ.

**Оқушылардың бос уақытты тиімді ұйымдастыруда үйірме жұмыстарына
кластың барлық оқушылар тартылды:**

Жалпы оқушы саны:	«Ұлттық ойын» үйірмесі	«Жас тарихшылар» үйірмесі	«Теннис» үйірмесі
3	3	3	2

«Қазақстан республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021 – 2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты (Нұр-Сұлтан 2021) басшылыққа ала отырып 5 - сыныптың 2021 - 2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынды.

-Тәрбие сағаттарына тәрбие бағыттарының қамтылуы.

Бағыттар	Өтілген тәрбие сағаттары саны: 34
----------	-----------------------------------

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	5
2.Рухани-адамгершілік тәрбие	9
3.Ұлттық тәрбие	5
4.Отбасы тәрбиесі	2
5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	5
6.Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	2
7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	5
8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру	1

Өтілген тәрбие сағаттарының ішінде Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, Рухани-адамгершілік тәрбие, Ұлттық тәрбие бағыты бойынша оқушыларға басым бағытта тәрбие сағаттары өткізілді.


Бұл бағыттағы сынып сағаттарының оң нәтижелері құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, Отан қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру, адамдарға риясыз қызмет етуіне ықпал етті.

Сынып оқушылары мектепшілік, аудандық деңгейде ұйымдастырылған оқу – тәрбиелік іс – шараларға белсенділікпен қатысты. Қысқаша тоқталып өтер болсақ: 1 – желтоқсан тұңғыш президент күніне байланысты «Тәуелсіздіктің 7 қыры. Парасатты шешім» деректі фильмі тамашаланып сыныпта тәрбие сағаты өтті. 5 – 6 сыныптарға арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен Бөкенбай Бекарыс қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2 – орынға ие болды. «Ұлттық салт – дәстүр және әдет – ғұрыптар: кеше, бүгін, ертең» сырттай шығармашылық байқауының аудандық кезеңінен «Қазақтың ұлттық тағамдары» номинациясы бойынша жоба – байқаудан Сисенов Бейбарыс 2 – орынмен марапатталды. Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы ұстазы» атты мектепшілік ұйымдастырылған гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталық жұмысында мектеп кітапханашысы Б.Қалиеваның ұйымдастыруымен өткен «Мысал жанрын дамытушы» тақырыбындағы топтық жұмысқа белсене қатысқаны үшін мақтау қағазымен, сыйлықтармен марапатталды.

16 – желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 5 – 6 сыныптар арасында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл» тақырыбында оқушы, ата – ана, мұғалім

үштігімен сыныптан тыс шара ұйымдастырылды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай өткен «Ұлы дала тәуелсіздігіне 30 жыл» атты салтанатты жиында 5 – сынып оқушылары «Жас Ұлан» қатарына қабылданды. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік 5 – 6 сыныптар арасында ұйымдастырылып балалар көңілді дастархан басында ән айтып, би билеп, ойындар ойнап уақыттарын көңілді өткізді. Аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан Абдолов Есенкелдіге аудандық білім бөлімінен жаңа жылдық сыйлық тарту етілді.

9 – сәуір кітаптар күніне орай мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен «Кітап – рухани қазына» атты онкүндік жұмыс ұйымдастырылып «Ата – анаммен бірге оқимыз» бейнероликтер шеруі, «Кітап – өмір ұстазы» READ X жобасы, «Әлемнің ең үлкен кітапханалары, Кітап – үнсіз мұғалім» танымдық сағаттары, «Менің өмірімдегі кітап» эссе жазу жұмыстарына сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. 1 – мамыр ұлттар достығы күніне орай «Тілі басқа тілегі бір, түрі басқа жүрегі бір» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. 7 – мамыр отан қорғаушылар күні, 9 – мамыр Ұлы жеңіс күніне арналған «Отан үшін от кешкендер» атты бірыңғай тәрбие сағаты өтті. Ұлы жеңістің 77 жылдығына арналған көркемсөз оқу сайысында Бөкенбай Бекарыс 2 – орынды, Сисенов Бейбарыс 3 – орынды иеленді. Жалпы білім беретін мектептердің 5 – 6 сынып оқушыларына арналған аудандық «Достық – 2022» олимпиадасында Қазақстан тарихы пәнінен Сисенов Бейбарыс Мақтау қағазына ие болды.



https://www.instagram.com/p/CU6kVLwIZaN/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CXf2Q8Vghrh/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CW3mLorADfG/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/Cahh9DHgsfg/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CascxwjA_EB/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектеп тәлімгері, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, қосымша білім беру мамандарымен жоспарға сәйкес, білім бөлімінен келген қатынастар негізінде айлық, апталық, жылдық жұмыстар бірлесе жүргізілді. Атап айтар болсақ:

Кітапханашы Б.Қалиеваның ұйымдастыруымен кітап көрмелері, READ X жобалары, «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша әр дүйсенбі күні кітап оқу акциясы белгіленді, оқушылар түрлі әдеби көркем шығармалармен танысты. Тәлімгер С.Тәждауовпен бірге эссе, көркемсөз байқаулары, студенттермен кездесу, танымдық сағаттар өткізілді. Әлеуметтік педагог М.Сисеновпен бірге қамқорлық акциялары, мектеп инспекторымен кездесулер, әкелермен өнеге сағаттары өткізілді. Психолог Р.Қ.Шүтеновамен бірге психологиялық тренингтер, түсіндірме жұмыстары, кәсіби басқосулар болды. Сынып оқушылары, ата аналар белсене қатысты.






https://www.instagram.com/p/CXf2Q8Vghrh/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CdGbvkzgg_r/?utm_source=ig_web_copy_link

Аталған мамандардың жоспарына сай жүргізілген жұмыстарға сынып оқушылары белсенділікпен қатысты. Ата аналарда тренинг жұмыстарына ұйымшылдықпен қатысты.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР:

Ата-аналар мен қандай жұмыстар жүргізілді	Қандай тақырыптарда жиналыстар болды? Неше жиналыс өтілді? Ата-аналардың қатысымы?	Сыныбыңыздың ата-аналарының мектептегі сыныптан тыс жұмыстарға қатысымы. (қандай шара, фото, сілтеме болса)	«Ашық есік» күндеріне жыл бойы неше ата-ана келді? Қандай мақсатпен?
 Мерекелік	Ата аналармен жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, ата-аналар жиналысы отырыстарының хаттамалары жасалды. Тоқсан	ата-аналар мектептегі сыныптан тыс жұмыстарға белсене қатысады.	Сынып ата аналары «Ашық есік» күндері ашық сабақ, зерттеу сабақтарына және

<p>кездесулер</p> <p>Әкелермен кездесулер</p> <p>Айлық, апталық жұмыстарда мерекелік челленджерге белсене қатысты.</p> 	<p>сайын жоспарға сәйкес жиналыстар өткізілді. Ата-аналардың қатысымы жақсы.</p> <p>1 отырыс <i>Ата – аналара комитетінің құрамын сайлау</i></p> <p>2 отырыс «Отбасы – бақыт мекені»</p> <p>3 отырыс «Сіз қандай ата – анасыз?»</p> <p>4 отырыс «Балам – бақытым!»</p>	<p>Психологиялық сабақтар, тренинг жұмыстарында белсенділік көрсетті.</p> 	<p>сыныптан тыс жұмыстарда келіп қатысты.</p>
<p>Қорытынды: Ата-аналармен жұмыстың жалпы мақсаты орындалды. Мектеп пен ата ана арасында тығыз байланыс болды. Алдағы жылда ата-анамен жұмысты жақсартуда әкелер мектебімен түрлі бағыттағы жұмысты жандандыру қажет.</p>			

Алдағы уақытта(алыс, жақын) класс ұжымында шиеленісуі мүмкін проблемалардың болжамы (прогноз) :

- Оқушылардың сапалы тәртібін, жағымды мінезін қалыптастыру, өзін қоршаған ортамен, қоғаммен әрекеттесуіне көмектесу.
- Сынып ұжымының бірлігіне себеп болған жалпы ұжымдық шығармашылық істерді анықтау.
- Мектеп, мұғалім, оқушы үштігінің жұмысын одан әрі дамыту.

Қорытынды:

Осы оқу жылы қорытындысы бойынша қол жеткен оң нәтижелер.

Атқарылған жұмыстар кластағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүние танымының қалыптасуына, адамгершілік қасиеттерінің, еңбекке деген сүйіспеншілігінің қалыптасуына және жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызып, жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін,

"салағатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталды. Тәрбие жұмысында қолданылған жұмыс формалары мен түрлері, әдіс-тәсілдер, жеке, топпен және барлық ұжыммен атқарылған тәрбиелік шаралар оң нәтиже берді. **Нәтижесінде** : азаматтық-патриоттық сана-сезімі жоғарылады, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыды, отбасылық құндылықтарды бойға сіңірді, құқықтық санасы нығайып қалыптасты.

Алдағы оқу жылында жақсарту керек тұстар.

- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге де байланысты. Қазіргі талап-жан-жақты үйлесімді, жетілген жаңа адамды тәрбиелеу. Жақсы ұрпақ тәрбиелегіміз келсе, ата-аналар мен мектеп бірігіп, мұғалім, оқушы ынтымақтаса отырып, білім ордасындағы тәрбие үйде жалғасын табатындай етіп ұйымдастыра білгеніміз жөн.